

**2015 жылы денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы**

***Күшін жойған***

Ақтөбе облысы Әйтеке би аудандық мәслихатының 2014 жылғы 24 желтоқсандағы № 201 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 12 қаңтарда № 4141 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Әйтеке би аудандық мәслихатының 2015 жылғы 12 мамырдағы № 237 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Әйтеке би аудандық мәслихатының 12.05.2015 № 237 шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 18 бабының 8 тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 ақпандағы №183 "Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін және ережесін бекіту туралы" Қаулысына сәйкес Әйтеке би аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Әйтеке би ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарына әлеуметтік қолдау шаралары ұсынылсын:

1) жетпіс еселік айлық есептік көрсеткішке тең сомада көтерме жәрдемақы;  
2) бір мың бес жүз еселік айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сомада тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін бюджеттік несие.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат  
сессиясының төрайымы*

*Қ.Жанбырбаев*

*Аудандық мәслихатхатшысы*

*А. Ермағамбет*

